



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

баспасы, 2002. – 528 бет.

4. Елім деп соққан ұлы жүрек (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы, публицист М.Дулатұлына арналады). – Алматы, 2002. - 274 бет.

ӘОЖ 821.512.122.

## ҚОСЖАН МҮСІРЕПОВ ЛИРИКАСЫ

**Қалмет Самал Бағдатқызы**

[breeze\\_rare@mail.ru](mailto:breeze_rare@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Филология факультеті «5В020500» - Филология: қазақ тілі мамандығының студенті, Астана,  
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Р.Тұрысбек

Әдебиет әлеміне ақын-қаламгер ретінде таныс Қосжан Мүсірепов 1932 жылы 9 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы Бірлік елді мекенінде «Бөржар» өзенінің жағасында дүниеге келген. «Бірлік» жетіжылдық мектебін бітіріп, Шымкенттегі 2 жылдық мұғалімдер институтының дайындық курсына түседі. Бірлік мектебінде мұғалім болады. Үш жылдан кейін Арыс аудандық оқу бөліміне инспектор болып тағайындалады. 1954 жылы 22 жасында Арыс аудандық «Социалистік жол» газетінің редакторы болды. Кейіннен Алматы қаласындағы ҚазМУ-дың журналистика факультетіне түседі. «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), «Жетісу» газеттерінде, «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») журналында қызмет істеді. Өзіне жүктелген қай міндетті болмасын қашанда абыроймен атқарды. «Мәдениет және тұрмыс» журналында келелі мәселелер көтеріп, тың айдарлар ашты». Алғашқы жинағы «Менің қарындасым» деген атпен 1959 жылы шыққан. Кейіннен «Менің апам дәрігер», «Кім күшті?», «Арман лебі», «Жалын», «Алау», «Дос жүрегі», «Раушан» атты жыр кітаптары, «Гүлжазираның ауылы» новеллалар жинағы жарық көріп, әдеби қауым мен оқырман тарапынан үлкен қолдауға ие болады. 1968 жылы 3 наурызда 35 жасында дүниеден өткен.

Мен – Адаммын

жалғыздыққа жаны қас,

Мейманынан төрдегі үйі арылмас!

Жиналмайды дастарханым достарға,

Мен – қазақып, есігі ешбір жабылмас [1.145]– деп жырлаған, поэзияға көркемдік пен жылылыққа толы шығармаларымен келген ақын өзінің аз ғұмырында сол кезең суретін, уақыт рухын дәл бере алды. Ақын өлеңдері сырлы сезімге, терең философиялық ойларға толы, әрі көркем де кестелі:

Жырлайтұғын өлкем бар, өзенім бар,

Шындайтұғын жырымды өз елім бар.

Сырласуға, достармен ойласуға

Сөз алатын менің де кезегім бар.

Кезегімде сыр шертіп беремін мен,

Арман қуып, асығып келемін мен.

...Өз арнамда жатамын өзім шалқып,

Асып-тасып кетпеймін кемерімнен! [1.47-48] – деп сыр шерткен ақын қаламынан сұлу да сырлы жыр оюлары кестеленді. Ақын туған жерге деген сүйіспеншілігін, анаға деген махаббатын, өмірге деген құштарлығын, жан – жүрек сырларын асқан іңкәрлікпен жырлады. Қ.Мүсірепов туған жер тақырыбына арналған «Туған жер», «Содан ба екен», «Қанатым болса, дариға!», «Шымкентім - туған қалам», «Менің өзенім», «Сырласу», «Құттықтау», «Туған жерде», «Бәрі де мұнда жетеді», «Өзіңді туйып-өскен қонысым деп» т.б.

өлеңдерінде ел мен жерге деген құрмет, сағыныш, махаббат сезімдері ерекше үйлесіммен жарастық тапқан. Сонымен қатар Қосжан туындыларының тағы бір көлемді де келелісі – өмір жыры. Ақын өмірге құштар, өмірді сүйеді, өмір сүруге деген жүрек талпынысы асқақ!

Өмір-ай, өмір саған құштармын ғой,  
Отыз жыл жазың жайлап қыстадым ғой...  
Сен менің қанатымды байлап тастап,  
Тапжылтпай тар төсекте ұстадың ғой!

Сүйемін, сүюші ем ғой жақсы күнді,  
Қайтарсай лапылдаған жастығымды!  
О, өмір, қалай ғана қимақсың сен,  
Тас мінез, сұм ажалға жас ғұмырды?! [1.156]

«Жырлайды өмір», «Өмір, мен сені сүйемін», «Ауру қысып, төсекте жатыр ақын», «Өмір-ай» атты өлеңдерінің негізгі түйіні де осында жатыр. Ақын өмірді асау арғымаққа теңейді, жанарыма қайтадан нұр толтыр деп жырлайды. Өмір келбетін көркемдікпен танып, суретпен көреді. Болмысты бейнелі береді.

Ана тақырыбы ешқашан аласармайтын, толастамайтын, үнемі дамып, кемелденіп отыратын қуатты тақырып. Ана туралы жырлар қай ғасырда да өзінің бағытынан, өзінің биігінен түскен емес. Қайта уақыт - зымыран алға озған сайын Ана құдіретімен бірге анаға деген тағзым да күшейіп, қуаты өрлеп барады. Әр ақын өздерінің сан-салалы бұлақ, өзен жырларымен Ана атты әлемді Алып мұхитқа айналдыруға күш салды және әр шығарма өзінің тазалығымен, мөлдірлігімен ерекшеленеді.

Қ.Мүсірепов жырлары да сол ана тақырыбының кіршіксіз махаббатпен жырлануының бірден - бір үлгісін көрсетті. Ақынның «Ақ тілеулер», «Аналар», «Жан ана», «Шайқалып, теңселеді жасыл бақтар», «Әже» атты өлеңдерінде «тіршілік бастаушылары», «ақ тілеулі жаншырлар», «аяулы әже» бейнелері, анаға деген құрмет, сағыныш суреттеледі.

Ақынның «Ақ тілеулер» өлеңінде арайлап таң атқанда, аспанға алтын күн сәулесін төгіп, табиғат оянғанда Өз аналар жан – жарын, балаларын тіршілікке таратады. Аналар аппақ таңмен аяулы ақ сүтіндей адал асын әзірлейді. Аналар арманы ұл-қызының алысқа қанат қаққаны, қия - шыңға шыққаны, ал оның жүрегі дүйім елдің де, дүниенің де тағдырын ойлайтын нәзік әрі қуатты. Адамзат баласын адамдық ұлы жолға аттандыратын да ақ дидарын әжім басқан аналар. Ақын:

...Дариға - ай ұстатса ғой аналарға,

Адамзат тағдырының, бар тұтқасын! [1.135] – деп ана құдіретін тағы бір биік шыңға көтереді. Енді бір тұста «...Ащы тер, ақ жүзімен аналардың, Алып жер, алып Отан нұрланады» деп шарықтатады. Ақын бұл өлеңін:

Аналар жайқалтып жас гүл, шыбықты,

Әнеки, таңмен бірге құлшыныпты.

...Жұмыр жер тұрар еді айнала алмай,

Аналар бастамаса тіршілікті!!! [1.136]– деп түйіндейді.

Ақын мұрасында – «Аналар», «Ақ тілеулер» сынды өлеңдер Ана атты аяулы жанды тіршіліктің бастауы, таңмен бірге нұрын төгер шуаққа теңейді, мейірім де, ізгілік те аналардың жанарында, әрбір ананың қадамында деген ой қозғайды. Ақын осы өлеңдері арқылы Аналар тағдырын, ақ тілеулестігін көркем де биік пафоспен бейнелейді.

Қ.Мүсіреповтің «Жан ана» өлеңінің табиғаты, тағылымы тіпті ерекше өріс алады:

Жапырағымды жас емендей күнге тоссам,

Қанатыңмен қарлығаш боп

Су себесің, жан ана.

Көкірегіңе жақсы өлеңдей күй толтырсам,

Таң алдымен сандуғаш боп

Жыр төгесің, жан ана.

Құба белде құлын болып құлдырасам,

Көк майса боп тербетіліп  
Құлпырасың, жан ана.  
Көркем бақта гүлің болып бүршік жарсам,  
Алтын күн боп көктен күліп  
Нұр құясың, жан ана [1.220].

Ана – құдірет. Ақ жаулығы желбіреген, жүзінен мейірім шуағы төгілген осынау құдіреттің баға жетпес асыл екендігін ақын сыр мен сезімге толы жыр жолдарымен кестелейді. Ананы күміс сулы бұлаққа, жұпар лепті гүл баққа, бал жинаған араға, көктен нұрын төккен алтын күнге теңейді.

Ана баласы үшін кеудесіндегі шыбын жанын да беруге даяр бірден бір адам. Ана деген мейлі отқа түссін, суға түссін бірақ ол мұндай қиындықтардан ешқашан қорықпайды. Керісінше, оның бойында қиындыққа қарсы тұрар қайтпайтын қайсарлық пен батылдық сияқты қасиеттер күшейіп, ана қуаты шарықтап кетеді. Ана жігері ешқашан мұқалмастай көрінетін зәулім тас қамал секілді. Ал ана махаббатының шеті мен шегі бар деп айта алмаймыз. Ана махаббаты шексіз. Түпсіз тұңғық. Ана жаратылысы осындай. Құдіретті де қасиетті:

Қартаймашы!  
Теңіздей күш сарқылмасын.  
Нелер асыл жыр жаздырған  
Бір өзіңсің, жан ана.  
Қартаймашы!  
Мейірімді жүз жарқылдасын,  
Жұмыр жерді нұрландырған  
Күн өзіңсің жан ана [1.220-221].

Ақын шығармаларының тағы бір қыры – тақырыпты анаға деген сырлы сағынышпен, мұңмен астастыра бейнелеуде де өзіндік өзгешелік бар. «Шайқалып, теңселеді жасыл бақтар» деп аталатын өлеңінде өмір өрімі мол, әрі жас жігіттің көңіл-күйі мен табиғатты байланыстыра, қатар суреттейді:

Қоштасты бүгін және дала шулап,  
Сұм ажал жүректерге жарасын сап.  
Жас жігіт шөгіп қайтты,  
семіп қайтты,  
Зиратта аяулысы - анасы қап!  
Шын жетім қалғандай бір ауыл, міне,  
Қайғыны көру оған – ауыр мүлде!  
Анасы жүрегінде тұрса дағы –  
Жас жігіт тас қойды ана қабіріне.

Хош алып, құптағандай тастар сөйлеп,  
Тұр тамып жас жанардан жас мөлдіреп.  
Анасы ақырғы рет ашқандай сыр:  
«Мен енді өлмеймін деп, өшпеймін!» - деп[1.162].

Ақынның аналар тақырыбын өрбіткен, мейірім мен адалдықтың үлгісі іспеттес келесі өлеңі - «Әже» деп аталады. Бұл өлеңді ақын туындыларының бірі де бірегейі десек қателеспейміз. Аналар тақырыбындағы өлеңдерінің шыңы деп атасақ та жарасады.

Бөбектерден бөлінбейді бір елі,  
Шөбересін арқалап жүр, міне енді.  
Шүйкедей боп өзі сонша тынымсыз,  
Шүйкедей боп өзі сонша жігерлі! [1.58].

Жылылық! Өлең жолдарын оқып бастағаннан-ақ кеудеге құйылған ерекше жылылықты сезінбей қалу мүмкін емес! Әже - елжіреп, бар ғаламға шуағын шашқан ұлы күн, ұл-қызының жанашыры, ақылшысы, адасқанда жол сілтер айнымас темірқазығы. Әже -

бөбектердің қамқоршысы, олар үшін әже - мейірім тұнған бал – бұлақ, кіршіксіз таза бұлақ, түпсіз терең мөлдір. Қанша қанып ішсең де мейірімі сусамайды, қанша кірлетсең де бір лайланбайды. Ал әже жүрегінің кеңдігі соншалық бүкіл әлем сыйып кетердей орасан зор. Жүректен шашар жылуы күн нұрынан кем еместігі тағы бар.

Білмейді ол адам затын алдауды,  
Шыбын жаны сәбилерге арнаулы!  
Алақандай арқасында жүргендер,  
Үйренеді асқарларға самғауды!

Ақ ниетін тірек етіп келеді,  
Шүйкедей боп жаны неткен кең еді!  
Алласына жалбарынып, сенгенде ол, -  
Адалдыққа жалбарынып, сенеді [1.58].

Ұл – қызының, бүлдіршіндерінің аман-саулығын сұрап, жалбарынып, үнемі дұға тілеп, күбірлеп жүретін ақ тілеуімен қатар, жан жылытар мейірімді жылы сөздері бір толастамайды. Әжімді жүзі нұрланып, бар жылылығын таратып, мейірленіп сүйгенде мұнан асқан бақыт бар ма дерсің!

Ақынның жыр шумақтары жас ұрпақты әже өнегесін, адалдығын бойына сіңіріп өсуге шақырады, «...Қарындасым, адалдығын әженің, Қасиеттеп құйып алшы қанына!» деп түйіндейді. Кейінгі ұрпаққа үлгі етіп, үндеу тастайды.

Ақын қарапайым ғана әже бейнесін суреттеу арқылы Аналар дәрежесін тағы бір шарықтатты, Аналар күш – қуатының аласармас асқарда екендігін тағы да бір рет дәлелдеді. Бұған қоса, өлеңдерінде жылылық пен адалдықты бірлікте жырлау арқылы Аналар құдіретін биік шыңға шығарды. Ақын қуаттылығы да осында!

### **Жан-жүрек сырлары**

Адамзат баласы жұмыр жерге аяқ басқаннан бері үздіксіз талас-тартыста, карама – қайшылықта келе жатқан ұғым Жақсылық пен Жамандық. Үнемі жағаласып, арпалысып жататын бұл құбылыс кейде астасып та жататындай. Жақсылықтың құдіретін жырламаған ақын кемде кем, ал Жамандықтың жағасын жыртар небір алпауыт жыр да жетерлік. Сондықтан жағымды жақсылыққа адам жаны әрдайым құштар. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында Жақсылық пен жамандық мәңгілік тақырыпқа айналып, өнегелі іс пен өмірлік мәселелерде жақсылық алғы кезекке қойылған.

XIX ғасырда өмір сүрген қазақ шайыры Майлықожа бұл туралы былай дейді:

«Жақсылық отқа күймес, суға батпас,  
Гауһар тас жарық қылмай жерде жатпас,  
Қолдан келсе етіңіз жақсылықты,  
Жақсылықты еткендер жаман таппас».

Біздің бір ұққанымыз бұл ұғымдар әрқашан күресте, қақтығыста, үлкен тартыста өтетіні даусыз. Жамандық - ақын жүрегін жегідей жеп, арбасқан жауындай, сондықтан найза болса түйреп, садақ болса атып, шауып жіберердей ақын қаруы үнемі қайрауда болады.

Ақын мұрасында - «Жүрегімнің жүз дүрсілі» атты лирикалық толғауының орны бөлек. Ақын бұл толғауында Жақсылық пен Жамандық ұғымдарын карама - қарсы суреттейді. Ақын жүрегі қоғамда болып жатқан түрлі оқиғалар мен келеңсіздіктерге араша түскісі келеді. Лирикалық толғау жеті бөлімнен тұрады. Жырдың алғашқы бөлімдерінде Ақын өз жүрегінің сырқатын іздейді. Тыншымаған бірақ әлсіз жүрекке қауырсынның қанатындай жамандық та тым қатты соққы болады. Оны ақынның мына жолдарынан байқауымызға болады:

Жетеді қайтіп сырқаттың шыдам – сабыры?!  
Мұп-мұздай темір жүрегімді менің қарыды.  
Ақ сүтін берген, әлдилеп сүйген анасын,  
Шошайтып жұртқа қалдырып кетті жан ұлы.  
Тулады жүрек, тулады жүрек бұлқынып,

Анаға қысқа қолымды создым ұмтылып!  
Ардақта, ұрпақ,  
аяла ата-ананды,  
Өзімен кетсін, өзімен кетсін бұл қылық! [1.172]

Ақын жүрегін ауыртқан осы іспеттес жағдаяттар қоғамның бір көрінісі ретінде суреттеледі. Отан, отбасы құндылықтары дәріптеледі. Олар мынадай:

Ақын әсем ән-күйге тербеліп, әр гүлге қуана қарап отырғанда, жауқазын гүлдей жайқалып өскен жас қызды жексұрын біреу жетектеп кеткені;

Қанатты ойлар құшағында отырған қарияны адуынды біреудің иығымен қағып кеткені; Ауылдас кісі қонысын аудармақ болып, сол үшін көмекке дос-жаранды жинағанын, бір құрбының «ақшаны артық табам» деп қол ұшын тигізбек түгілі, қайрылмай кеткендігі туралы;

Кеудесін керген бір мансапқордың өз туысын жарға құлатқаны;

Әзәзіл – өсек сумаңдап араға кіргендіктен, қос қоңыр қаздай екі жолдасының айырылғаны.

Ақын жүрегі нәзік әрі қайратты. Жүрек қиналысының тағы бір себебі ретінде ұлттық мәселелердің бірі - тіл мәселесін де қозғайды. Ақын: «Өлеңді жазуын жазамыз ғой. Бірақ түптің түбі олар кімге керек? Заман бұлдыр. Мейлі, бізге бір күн болса да өмір сүру керек. Қазақ тілінің қадірі қашып барады. Содан қорқамын», - деп жиі мұнаятын [3.2]. Тіл мұраты, құдіреті былай беріледі:

Жарқыным деп ем жаулығы кейін білінді,  
Жүрегім тағы дірілдеп, мұздап суынды!  
«Өсері жоқ» деп, «ертеңі жоқ» деп бәз біреу,  
Қорламақ болды қасиетті ана тілімді!  
Анамның тілі – айбыным менің, күш – жаным,  
Анамның тілі – қазынам менің, құштарым,  
Анамның тілі – жүрегімнің қаны, адамдар!  
Тілдеген оны – мәңгілік менің дұшпаным!

Жамандық - ай!

Көргенде сені шарқ ұрам,  
Азаптанамын, ашуланамын, аптығам!  
Өртеймін Сені жүрегімнің жалын - отымен,  
Соңғы демімде жүрегімді саған лақтырам!  
Мұз болсаң егер – отыма еріп ағасың,  
Бықсысаң егер – жалынымменен жанасың!..  
Әйтеуір сенен тазартып кетем кең Жерді,  
Кейінгі ұрпақ құрметтеп жүрсін бабасын! [1.173-174]

Жамандық атаулыны жер бетінен түп-тамырымен жойып жібергісі келетін, болашақ ұрпаққа бұл өмірдің тек жаймашуақ жылы кезеңін аманаттап қалдырғысы келетін ақын жаны тым таза.

Қаламгердің лирикалық толғауы біртұтас адамзат тарихының едәуір кезеңін қамтитын әлеуетті шығарма екендігін байқаймыз. Адамның өмір тарихында болып жатқан сұрапыл соғысты, аяусыз қырғынды, адам қолымен жасалған қастандық пен жауыздықты көріп, сезінген ақын жаны - Жамандықтың жер бетінде сайран салып жүргеніне қатты түршігеді. Жүрек сырқатының тағы бір себебі – Соғыс екендігін ұғынады. Сұрапыл соғыс салған жарадан құлазыған кең алқап, тағдыр енді ұлдарын көруге жаза ма жазбай ма деп ақ жаулықпен көзін сұрткен әз аналар, қамығып кемсеңдеген қариялар, жер шұқылап, көкесін күткен балалар... Қаралы хабарды жеткізген қара қағаз оқылған сәттегі балапанынан айрылған ана, жұбайсыз жар, жетім бала... Осындағы жүрек қиналысының бәрін ақын екі жол өлеңмен жеткізеді:

Со бір сәтте жас жүрегім дір еткен,



Дұшпан мені атқандай дәл жүректен [1.175].

Көп ұзамай Жеңіс туын желбіретіп өткенде, жеңіс самалы аймадап өткенде, жүрек серпілісін, қуанышын былай түйіндейді:

Жеңіс!

Со бір сәтте жас жүрегім дір еткен,

Дұшпанды мен атқандай ем жүректен [1.176].

Толғаудың соңғы бөлімінде ақын жанын адамзат тартқан зардаптың ең ауыры – Хиросима, Нагасаки қалаларына тасталған атом бомбасы күйзелтеді. Апаттың гүрсілі ақын кеудесінен жаңғырып, жаңғырығып кетпейді.

О, адамзат, ашу менен ыза отына күйіңдер!

Ұрпағыңа бұл өмірдің балбыраған күнін бер!

...Дүние жүзі екі дүркін оқ түтінін құшқанда,

Алпыс миллион перзентінен айырылды ғой жұмыр жер! [1.178]

Мөлдір аспан мөлдіресін, күліп тұрсын күн көкте,

О жүрегім, тыныштықты, тыныштықты құрметте!

Ақын жүрегі тыныштықты қалайды, бейбітшілікті жырлайды. «Мен сенемін – әділеттің айқын жолы, күшті үні, Сөнген жоқ қой адамзаттың жүрегінің ыстығы!» деп толғайды. Ақын ойы жүйрік әрі оптимист, келер күнге зор сеніммен үміт етеді. Жақсылықты Әлем атты бесікті тербетуге шақырады. Негізінен, Қ.Мүсірепов мұрасы әр алуан жанрда, тың тақырыптарды кеңінен қозғайды. Өмірді шындық сипатында суреттейді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мүсірепов Қ. Арманым едің. Өлеңдер. – Алматы: «Нұрсәт», 2016. -282 бет.
2. Мүсірепов Қ. Арманым едің: өлеңдер мен поэмалар / Қ. Мүсірепов. - Алматы : Жазушы, 1983. -282 бет.
3. <http://qazaqadabiet.kz/4450/ajran-oszhan-osa-a>

ӘОЖ 82-93

### **БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖАРҚЫН БЕЙНЕЛЕР**

**Қанаткерей Айгерім**

[kanatkerey@mail.ru](mailto:kanatkerey@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті «5В011700» қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Үсен А.Ә.

Балалар әдебиеті шығармаларының ықпалы, тәрбиелік күші жағымды кейіпкерлер образын жасау проблемасына байланысты шешіледі [1, 6]. Сол себепті, әлем және қазақ балалар әдебиетінде бала дүниетанымына әсер ететін жағымды бейнелер көп жасалған. Солардың жарқын үлгілерінің бірі: С. Мұратбековтың «Жусан иісі» шығармасындағы Аян бейнесі. Аян – интеллектуалды бейне. Жетімдік азабын тартса да, жанындағы қаратабан балалармен салыстырғанда, ойы – ұшқыр, өзі – төзімді. Ол қарапайым заттардың өзінен керемет қасиеттер байқайды. Мысалы: «– Мыналар шана ма?! - дейтін мұрнын тыжырайтып.- Шіркін, өзінің рулі бар, алдында шамы бар ылдиға да, өрге де бірдей сырғанайтын шана болса. – Ой, қойшы, ондай шана болушы ма еді? – Болғанда қандай. Қобыланды батырдың Тайбурылындай ұшатын аттар бар ма? Бар. Ендеше ылди-өрге бірдей сырғанайтын рульді шана да бар...» [2, 26].

Күнделікті бірге ойнап жүрген балаларға интеллектуалды ықпал-әсерін автор оның ертегі айтқан мезегін суреттеген кезде айрықша білдіреді. «Дүниедегі жақсылық атауының бәрі-бәрі: ерлік те, ізгілік те, сұлулық пен ақылдылық та, әйтеуір адамға тән небір қасиеттің